

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

4-апта

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) «АйКүн» бөбекжай-балабақшасы

Топ: мектепалды топ «Құлыншақ»

Педагогтің аты-жөні: Куанышова К.Н

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды: 27.04-30.04.2026ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	27.04.2026ж.	28.04.2026ж.	29.04.2026ж.	30.04.2026ж.	
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ. (Мақал)					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Хоки-поки бий” https://bilimkids.kz/media/video/tanec-hoki-poki (қарым-қатынас іс-әрекеті,	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Сәлем, күнім! Сәлем, жер! Сәлем, досым! Сәлем, ел! "Сәлем" деймін әрқашан, Арайлы, балабақшам!	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Сәлем бердім досыма! Аман болсын әрқашан! Асығамын қашанда! Жайдарлы мінезді апайыма. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күйді қосып, балаларды қарсы алу. (музыка)	

	музыка)	(қарым-қатынас іс-әрекеті)			
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Бала мен ата-ананың бірге шығарған ертегілерді айту челленджі.	Бала мен ата-ананың бірге шығарған ертегілерді айту челленджі.	Бала мен ата-ананың бірге шығарған ертегілерді айту челленджі.	Кеңес. «Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары».	
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". (еңбек, таным, зерттеу іс-әрекеттері) Максат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту; ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Кітап бұрышындағы еңбек". (еңбек, танымдық, шығармашылық іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны, майлықтарды пайдалану). Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау. Шамасы келетін еңбек (кітаптарды қалпына келтіру) әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу. Айналадағы заттар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Аквариум балықтарын коректендіру" (еңбек, зерттеу іс-әрекеттері) Максат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге баулу; қамқорлыққа, саналылыққа тәрбиелеу. Санамақ айту жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті) Максат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Асхана бойынша кезекшілік". (танымдық, еңбек іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Шамасы келетін еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелге ыдысты дұрыс қою. Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға баулу.	

фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (танымдық, шығармалышық іс-әрекет) Максат-міндеттер. Балалардың бойынша патриоттық сезімді тәрбиелеу; ән айту дағдыларын қалыптастыру. Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Максат-міндеттері. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға ынталандыру. «Отан» (үзінді) (Мұқағали Мақатаев) Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем, Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.	BilimKids дамытушы мультфильм Суретке түсейік! https://bilimkids.kz/media/video/suretket-seyik Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Максат-міндеттері. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға ынталандыру. Қасым Аманжолов «Балалар — біздің болашақ». Балалар — біздің болашақ, Сүйсінеміз, сүйеміз. Бұл болашақ тамаша-ақ! Болашаққа иеміз. Көтеріп жас сәбиді, «Күлші, бөпе, күл!» — дейміз. Көңіл дария шалқиды, Балалармен гүлдейміз. "Жаман - жақсы" дидактикалық ойыны.	баулу, санамақ өнеріне баулу. Тату-тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Ортақ болып ісіміз, Еңбек десе тынбаймыз. Үлкен сыйлап кішіміз, Аға ақылын тыңдаймыз. Достықты үлгі санаған, Бір үйде біз тұрамыз, Қалған ата-бабадан, Бірлік асыл мұрамыз! Н.Айтов Дайын бейне пішінін бояу жаттығулары. Қазақ ою-өрнектері. (шығармашылық іс-әрекет) Максат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуға баулу. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түстерді ажырата білуді, бақылау сезімін жетілдіру. Табандылыққа тәрбиелеу. «Бәріне ортақ мереке» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Үстел үсті ойыны "Лото". (Геометриялық пішіндер) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Максат-міндеттері. Зат есімдер мен жалпылауыш сөздерді дұрыс колдана білуді дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды жетілдіру. Балалардың зейінін дамыту. Байқампаздыққа баулу. Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Балалардың қалаулары бойынша. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық	
---	--	---	---	--

Мен оның қасиетті тілін сүйем, Мен оның құдіретті үнін сүйем. Отан! Отан! Бәрінен биік екен. Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем. Отанды сүймеуің де күйік екен, Отанды сүйгенің де күйік екен... Сурет салудан ойын- жаттығулар "Атқа мінген шабандоз" (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: балаларды атқа мінген шабандоз баланың суретін салуға үйрету; баланың дене бітімі мен аттың дене көлеміне сәйкестендіру білігін дамыту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қауіпсіздік». Ұлттық ойын "Бес тас" (таным іс-әрекет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. Ынта мен	(танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Ой өрісін кеңейту, тіл мәдениетін жетілдіру. Болашаққа сенімділікке, адалдыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу техникаларын жетілдіру жаттығулары. Қазақ халқының тұрмыстық заттары. (шығармашылық іс-әрекеті)	Мақсат-міндеттер. Мемлекеттік мереке, Қазақстан халқының бірлігі мерекесінің маңыздылығын түсінуге ықпал ету. Сюжеттік суреттерді сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдануға баулу. Байланыстырып сөйлеуді жетілдіру. «Мамандықтар әлемі: әркімнің еңбегін бағалаймыз». "Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Әртүрлі мамандықтардың еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау; үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған	байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, кайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Мүсіндеу техникаларын бекіту жаттығулары. (шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының түрлі ыдыс- аяқтарын (қазан, астау, табак, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау); аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану.	
--	--	---	--	--

	шығармашылық танытуді қолдау. Санау дағдыларын жетілдіру. Шапшаңдыққа, ептілікке, зеректікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін қайталау.	Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының түрлі тұрмыстық заттарымен (керует, үстел, ер-тұрман, ошак, кебеже, диірмен) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу; жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.	сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу.		
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (кұрсаумен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшак, құрсау төменде (кұрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2 - құрсауды жоғары көтереді; 3 - құрсауды алдына қояды ; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшак, құрсау төменде. 1 - құрсауды жоғары көтереді; 2 - қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3 - құрсауды жоғары көтереді; 4-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет	Жалпы дамыту жаттығулары (кұрсаумен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшак, құрсау төменде (кұрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2 - құрсауды жоғары көтереді; 3 - құрсауды алдына қояды ; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшак, құрсау төменде. 1 - құрсауды жоғары көтереді; 2 - қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3 - құрсауды жоғары көтереді; 4-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа	Жалпы дамыту жаттығулары (кұрсаумен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшак, құрсау төменде (кұрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2 - құрсауды жоғары көтереді; 3 - құрсауды алдына қояды ; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшак, құрсау төменде. 1 - құрсауды жоғары көтереді; 2 - қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3 - құрсауды жоғары көтереді; 4-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа	Жалпы дамыту жаттығулары (кұрсаумен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшак, құрсау төменде (кұрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2 - құрсауды жоғары көтереді; 3 - құрсауды алдына қояды ; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшак, құрсау төменде. 1 - құрсауды жоғары көтереді; 2 - қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3 - құрсауды жоғары көтереді; 4-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа	

	қолымен ұстау). 1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.	(құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.	(құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.	(құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.	
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сөз Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін,	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркем сөз Ерте тұрып таңнан, Пісірді апам ақ нан. Кетер емес әлі, Таңдайымнан дәмі. Кернейді хош иісің, Тамсандырып үй ішін. Жесем тоймай қаламын, Әжемді еске аламын. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сөз Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты,	

	Ұстанатын баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар)			Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	
Ұйымдас тырылған іс- әрекетті өткізуге дайынды қ	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Әкелер мектебі»: қабылдау бөлмесін "Отан қоршағаушылар" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы: бейбітшілік, отан қорғаушылар жайында суреттерді, энциклопедияларды қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу "Күй күмбірі": Аксақ құлан" - Кетбұға (орындаған Мұрат Абылғазин) https://kitap.kz/music/2/murat-abugazynyng-oryndauyndagy-kuylar «Өнегелі»: Тақырыбы: «Адалдық – маңызды қасиет». Мақсаты: балалар адалдықтың маңыздылығын түсінуін дамыту. Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
	«Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер» ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Адамның жақсы жақтарын көре білуге тәрбиелеу. Ойлау, еске сақтау, зейін, сөйлеуді дамыту. Ойын шарты. Педагог өз қалауы бойынша бір баланы тандап алып, оны шеңбердің ішіне отырғызады. Басқа балалар осы баланың қандай қасиеттері өздеріне ұнайтынын айтады. Педагог балаларға жауаптарының қайталанбауын ескертеді. Педагог осы баланың жақсы қасиеттерінің бірі туралы	«Мамандықтар әлемі: әркімнің еңбегін бағалаймыз». «Мамандық» дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: балаларды еңбектің нәтижелері мен адамның мамандығы арасында байланыс орнатуға үйрету. Әртүрлі мамандықтардың еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Материал: әртүрлі мамандықтар және	Көркемсөзді жаттау жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға, оларды есте сақтауға баулу. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Қ. Мырза Әли «Не үшін?» - Екі көзің не үшін керек? - Жақсыларды көру үшін! - Екі қолың не үшін керек? - Елге көмек беру үшін! - Құлақ деген не үшін керек?	Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Байланыстыра сөйлеуді дамыту.	

	әңгімелеп береді. Ойын осылай жалғасады.	мамандық иелері қолданатын құралдар мен заттар бейнеленген карточкалар. Барысы: бала мамандықты сол мамандық иесі қолданатын заттармен және құралдармен сәйкестендіреді. Карточкаларды сәйкестендіре отырып, бала осы мамандықтың маңыздылығы туралы немесе осы мамандық бойынша жұмыс істейтін ата аналары туралы айтады.	- Ақыл-кеңес тыңдау үшін! - Жүрек деген не үшін керек? - Жауларымнан қыңбау үшін! - Тіл мен жағың не үшін керек? - Ақиқатты айту үшін! - Ал аяғың?.. - Шетте жүрсем, Туған жерге қайту үшін!		
Кестеге сәйкес ҰІӨ	Сауат ашу негіздері Ц, Щ, Ч дыбыстары Өткен дыбыстар мен олардың әріп таңбасын қайталау. Айтылу ерекшелігіне қарай дыбыстарды дыбыс түрлеріне ажырата білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тілі "Достық" ертегісін баяндау. Достық дегеніміз не?". Максат-міндеттері. Қазақстандағы халықтар достығы туралы ұғымды дамыту; "Достық" ертегісінің сюжетін есте сақтауға, мағынасын түсінуге үйрету; стандартты емес жағдайларда	Сауат ашу негіздері "ь,ъ әрпімен таныстыру". Максат-міндеттер: оқушыларды ь белгісімен таныстыру, оның дыбысталмайтынын түсіндіру, ь белгісі бар сөздерді дұрыс оқуға және жазуға, есте сақтауға, дыбыстық талдау жасауға үйрету. Математика негіздері "Жалаушаларды ретімен қоямыз (Бекіту)" Максат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы заттардың шама қасиеттері туралы білімдерін бекіту.	Математика негіздері "Мереке қарсаңында" Максат-міндеттер: балалардың 10 көлеміндегі сандар мен цифрлар мен геометриялық пішіндер жайлы білімдерін тиянақтау. Қазақ тілі "[Ю] дыбысы". Максат-міндеттер: [Ю] дыбысын таныту; оның қосарланған дыбыс екенін ұғындыру; [Ю] дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту. Дене тәрбиесі "Кім зерек?" Максат-міндеттер: балаларды	Математика негіздері "Табиғат заңдылықтарын ұстанайық" Максат-міндеттер: геометриялық пішіндерді атап, ажырата білуге жаттықтыру. Сөйлеуді дамыту "Әңгімелеп үйренеміз. Л.Толстой «Екі жолдас»". Максат-міндеттер: әңгімені оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру. Музыка	

достар айтқан негізгі сөз тіркестерін айтуға үйрету. Дене тәрбиесі "Затты 5 метр қашықтықта тұрған нысанаға көздеп лақтыруды пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды 5 метр қашықтықтан тік нысанаға көздеп зат лақтыруға үйрету. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балалардың денсаулығын сақтау және корғау, физикалық үйлесімді дамыту; дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына жағдайлар жасау. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Қоршаған әлеммен таныстыру "Әсемдік әлемі" Мақсат-міндеттер: балаларға гүлдер туралы, соның ішінде дала, бөлме, емдік қасиеті бар гүлдері туралы түсінік беру; суреттерін көрсете отырып, құрылысымен таныстыру.	Заттарды салмағына қарай көз мөлшерімен салыстыра білуге үйрету; өз болжамдарын таразымен тексеру; сандық қатарды, реттік санауды, уақытты, аптаның жеті күнін бағдарлау; белгілі бір бағытта қозғала отырып, кеңістікті бағдарлау біліктерін жетілдіру; «қай?», «қайсы?» сұрақтарына жауап бере отырып, қарапайым мысалдар мен есептерді шешу дағдыларын бекіту. Музыка "Гүл көбелек" Мақсат-міндеттер. Классикалық музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Лирикалық, баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес	үш қатарға қайта сап түзеу арқылы (жолай кегльді алу); қырынан қойылған сатының тақтайшалары арасынан еңбектеп өтуге үйрету. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балалардың денсаулығын сақтау және корғау, физикалық үйлесімді дамыту; дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына жағдайлар жасау. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Көркем әдебиет "Ахмет Байтұрсынұлының «Қарға мен түлкі» мысалымен танысу (И.А. Крыловтан аударма)" Мақсат-міндеттер. Балаларды Ахмет Байтұрсынұлының «Қарға мен түлкі» атты мысалымен таныстыру; кейбір сирек кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру; лексикалық жаңа құрылымдарды құрауға	"Көңілді көктем әндері" Мақсат-міндеттер. Классикалық музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерту жаттығуларын жетілдіру; қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауды жетілдіру. Қоршаған әлеммен таныстыру "Қазақстандағы ұлттар мәдениеті" Мақсат-міндеттер: балаларға Қазақстанда тұратын көп ұлттар туралы мәліметтер жиынтығын толықтыру.
--	---	--	--

		қимылдарды өзгерту жаттығуларын жетілдіру; қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету. Музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай қабілеттерін дамыту. Сөйлеуді дамыту "А.Бактыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу" пысықтау. Мақсат-міндеттер: өленді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету.	машықтандыру; мысалдарда айқындалған мақтаншақтық пен ақылсыздық туралы ұғымдарды түсінуді үйрету; есте сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру; өз ойларын еркін жеткізуге шығармашыл болуға, өтірік пен шындықты ажыратуға, өзін-өзі басқаруға тәрбиелеу.		
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) «Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу. «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту. BilimKids дамытушы мультфильмі Киюді үйрену https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/videos/video_file/12/uchimsya-odevatsya.mp4				
Серуен	Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Тірі және	Жердегі тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. "Өлі	«Экологиялық тәрбие». Қарағайды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Құстардың дыбыстардың тыңдау, бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	

өлі табиғат, көктем мезгіліне тән табиғат құбылыстары (маусым) арасындағы себеп-салдарлық байланыстар жайындағы түсініктерді тиянақтау. Табиғат құбылыстарының өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Адам өмірі үшін күн сәулесінің маңызы, туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру. Мақсұт Неталиев "Көктем" Жан-жағы жасыл ұйық, Ақ бұлақ жүгіреді. Аққайың басын иіп, Қойнауға үңіледі. Бұлақтан құйылып ән Тыңдайды үнсіз алап. Алатау иығынан - Қарайды күн сығалап. Сәуірдің ақ таңында Таудың да тасы жібіп, Шымбұлақ шатқалында Бұлт жатыр жасырынып. Жел қағып сүртінеді, Қарағай қауырсынын. Шыршалар сілкінеді,	табиғат" ұғымын тиянақтау (тастар). Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттардың (тастардың) өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. - Ауламызда қандай тастар бар? - Адам тастарды қайда пайдаланады? Серікбай Оспанов "Тас та басып, табаны құм да басып...". Тас та басып, табаны құм да басып, Жолдар зулап барады қырдан асып. Арасына тығылып бұталардың, Бірде тауып, Қаламыз бірде адасып. Балаларға тастардың адамға пайдасы жайында баяндау. Адамның асыл тастарға қызығатынын айту. Зерттеу жаттығулары. Тастардың күн көзінде, ыстықта қызатынын, суықта, көлеңкеде суыйтынын тексерту.	Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді тиянақтау: бұталар және ағаштар; қылқан ағаш түрі, қарағайдың ерекшеліктерін тану, өзге ағаштардан ажырата білу қабілеттерін дамыту; қарағайды тірі табиғат түрі көріп, оның жыл бойы қылқандарды тастамайтынын, жасыл түсті болатынын байқату. Қарағайдың адамның ағзасына, тазаның таза болуына жағымды әсер ететінін ескерту; экологиялық білім негіздерін қалау. Мүбәрәк Жаманбалинов "Қарағай" Жаз жасылға оранған Қыс та ән қосқан дауылға Бір қарағай орманнан Әкелінді ауылға. Тақтай етіп тілді де, Жонды ұста сүргілеп. Төрімде енді тұр міне Шкаф болып сырлы көк Достарынан бақытты, Өкіліндей орманның. Құшағына алыпты Көсемдердің томдарын. «Өнегелі тәрбие»: Ересек	Мақсат-міндеттер. Жыл құстары туралы ұғымдарын тиянақтау. Құстар тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); коректенеді (өсімдіктер, жәндіктер); үн қатады; жылы жақтан өлкеге қайтып келеді, ұя салады, балапан басады. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға толық жауап бере білуді жетілдіру. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог үндемей тұрып, құстардың дыбыстарын тыңдауды ұсынады. Дыбыстары ажыратылған құстар аталады. Табылған құстарға сипаттама беріледі. Торғай – шырылдайды, шикылдайды. Қарға – қаркылдайды. Сауысқан – шықылықтайды. Көгершін, үкі – уілдейді. Бозторғай – шырылдайды. Бұлбұл – сайрайды. Көкек – көкектейді. Қарлығаш – шықылықтайды. «Өнегелі тәрбие». Ересек	
---	--	--	---	--

Ақ тонын ауырсынып. Сәуірсіз сән бе, тегі Өңірге өмір келіп, - Бұлбұлдар әндетеді, Таңата көңілденіп. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаске аймағына ағаштардан түскен ұсақ өсімдік коқысты қорапка жинау. (еңбек іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға үйрету. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. "Сұңқар мен түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойын ережелерін	«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңға тастарды жинау және олардан композиция құру. (еңбек, шығармашылық іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; шығармашылық қиялын дамыту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Түйілген орамал» қазақ халқының қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алуды, жылдамдықты, шапшандықты, икемділікті арттыру, ойын шартын сақтауға үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасын нығайту. «Кедергілерді жеңгіштер» қимылды ойын-эстафетасы. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Жарыс элементтері бар ойындарға	адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды коқыстан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету. "Ку түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балалардың жалтарып жүгіре білу қабілетін жетілдіру, шапшандыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу, дене белсенділігін арттыру. Ойын шартын, жетекші рөлді саналы орындауға, әділ болуға тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Күн мен түн" (дене тәрбиесі)	адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құстарды қоректендіру. (еңбек іс-әрекеті) Максат-міндеттер. Құстарға, табиғаттағы тіршілік иелеріне күтім жасауға баулу. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздікті қадағалау. Ұлттық ойын – ұлт қазынасы». «Айгөлек» қазақтың ұлттық қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Ұжымдық ойында жылдамдықты, күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшандықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Айгөлек-ау айгөлек,	
--	--	---	---	--

сайқтауға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету. «Қармақ» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. 20 сантиметр дейінгі биіктікке секіруді, бұлшық ет жүйесін, дербес қимыл белсенділігін жетілдіру. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен айналысуға баулу. Зерекетікке, шапшаңдыққа баулу. Қауіпсіздікті қадағалау. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Арқан тартыс" ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттері. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.	қатысуға баулу. Шектелген жазықтықтың үстімен (екі жолақ арасымен) қосалқы қадаммен жүруді; кедергілердің арасымен өту арқылы "жыланша" жүгіруді; оң және сол аяқты алмастыра отырып, сызықтардан секіруді жетілдіру. Жігерлі, шыдамды, зерек болуға баулу. "Дәл тигіз" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыра білуді жетілдіру. Ептілікті, нақтылықты, дәлдікті, көз мөлшерін дамыту, өзіне деген сенімділікті арттыру. Қауіпсіздікті қадағалау. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту. Еркін спорттық ойындар.	Максат-міндеттер. Ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының "Итеріспек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттері. Ұлттық ойындарды ойнату; күштілікке, ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсінуді үйрету. Қауіпсіздік: ойын шартын қауіпсіз орындауға үйрету. "Допты ұста" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыра білуді жетілдіру. Зеректікке, шапшаңдыққа, дәлдікке, ептілікке баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Ұзындыққа секіру	Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы қарсыластардың бірін өз тізбегіне қосып алады. Тізбек үзілмесе, шабушы - қарсыластардың тізбегіне қосылады. «Жапалақ» қимыл-қозғалыс ойыны (ересек балаларға) (дене тәрбиесі) Максат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру, жан-жаққа шашырап жүгіре білуді, белгі бойынша қозғалу, тоқтай білу (сондай-ақ, биіктікке секіріп тоқтау), қозғалмай тұра алу дағдыларын дамыту; кеңістікте бағдарлай білуге, шыдамдылыққа баулу. "Жолмен кім жылдам жүгіреді?" жарыс ойыны.	
--	---	---	--	--